

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Грек Республикасына 2001 жылғы 16-18 шілдедегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 12 қазан N 1318

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Грек Республикасына 2001 жылғы 16-18 шілдедегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-грек ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Грек Республикасына 2001 жылғы 16-18 шілдедегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде тоқсанына бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 12 қазандағы  
N 1318 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың  
Грек Республикасына 2001 жылғы 16-18 шілдедегі ресми сапары  
барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды

іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

---

№	Іс-шара	Орындау мерзімі	Орындау үшін жауаптылар
---	---------	-----------------	-------------------------

---

1	2	3	4
---	---	---	---

---

1 Қазақстан Республикасының Үкіметі 2001 жылғы Қазақстан Республикасының мен Грек Республикасының Үкіметі IV тоқсан Экономика және сауда арасындағы экономикалық және министрлігі технологиялық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту

2 Мынадай құжаттардың жобаларын жасасуға дайындау:

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2002 жылғы Қазақстан Республикасының мен Грек Республикасы Үкіметінің I жарты Сыртқы істер министрлігі арасындағы инвестицияларды өзара жылдық қорғау және көтермелеу туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісім -//- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасы Үкіметінің арасындағы әуе қатынасы туралы келісім -//- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасы Үкіметінің арасындағы білім және мәдениет саласындағы келісім -//- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі

Қазақстан Республикасының Үкіметі -//- Қазақстан Республикасының

мен Грек Республикасы Үкіметінің арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция

Қаржы министрлігі,  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс  
министрлігі

- 3 Грек Республикасы Экономика министрінің орынбасары Я. Зафиропулостың Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын дайындау және өткізу 2002 жылдың Қазақстан Республикасының ішінде Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- 4 Экономикалық және технологиялық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-грек үкіметаралық комиссиясының бірінші мәжілісін өткізу 2002 жылғы Қазақстан Республикасының I жарты жылдық Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- 5 Грек Республикасының Президенті К. Стефанопулостың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу 2002 жылдың Қазақстан Республикасының ішінде Сыртқы істер министрлігі
- 6 Әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықтың дамуы үшін (қазақстандық қорғаныс кәсіпорындарының өнімдері) Грек Республикасының Қорғаныс министрі А. Цохатжопулостың Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын дайындау және өткізу 2002 жылғы Қазақстан Республикасының II жарты жылдық Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- 7 Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту: - Қазақстандағы грек бизнесін сақтандыру үшін несие желісін тарту (10 млн. АҚШ долларына дейін); тұрақты Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнес. ті қолдау жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Экономика

- келіссөздер, кездесулер және сауда министрлігі, өткізу; Қазақстан Республикасының
  - өзара сарапшылар алмасу; Сыртқы істер министрлігі,
  - өзара ақпараттар беру (оның Қазақстан Республикасының ішінде инвестициялық және Мемлекеттік кіріс салықтық ахуал, жеңілдіктер мен артықшылықтар туралы); министрлігі
  - Грецияның шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі тәжірибесін және Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту үшін грек көмегін тарту мүмкіндігін зерделеу
- 8 Көлік және коммуникациялар саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту: 2002 жылдың Қазақстан Республикасының ішінде Көлік және коммуникациялар министрлігі
- Қазақстандағы (Алматы-Қорғас, Бішкек-Тараз-Шымкент) жолдар құрылыстарына грек тарапының қатысу мүмкіндігін зерделеу
- 9 Туризм және қонақ үй бизнесі тұрақты Қазақстан Республикасының саласындағы ынтымақтастықты дамыту: Туризм және спорт жөніндегі агенттігі,
- байланыстар орнату және Қазақстан Республикасының бірлескен кәсіпорындар құру үшін әріптестер іздеу мақсатында Сыртқы істер министрлігі
  - "Қазақстан-Жібек жолы" жыл сайынғы халықаралық фестиваліне грек туристік ұйымдарының қатысуы;
  - туризм инфрақұрылымына жеке секторды тарту үшін грек тарапына инвестициялық жобаларды жолдау;
  - туристік заңдар, басқару тәжірибесі мен жоспарлау бойынша ақпарат алмасу

- 10 Мұнай-газ, теңіз қатынасы және кеме құрылысы секторындағы ынтымақтастықты дамыту:
- қазақстан тарапының "Бургас (Болгария) - Александрополис (Греция)" мұнай құбыры құрылысының жобасын іске асыруға қатысу мүмкіндігін зерделеу;
  - "Прометеус Газ" (Греция) мұнай-газ компаниясымен серіктестікті жолға қою мүмкіндігін зерделеу;
  - мұнай өндіру саласына грек инвестицияларын тарту;
  - грек тарапына көрсетілген салаларда нақты жобалар жолдау;
  - Қазақстанның танкерлік флотын құру саласындағы ынтымақтастық;
  - қазақстан айлақтарын қайта құру мен жаңғыртуға грек компанияларының қатысу мүмкіндіктерін зерделеу;
  - теңізде жүзу саудасы, флотты басқару және пайдалану, маркетинг саласындағы грек компанияларының тәжірибелерін зерделеу;
  - қазақстандық мамандарды теңіз оқу орындарында даярлау және Грецияның ірі кеме қатынасы компанияларында сынақ мерзімінен өткізу
- Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, 2002 жылдың Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, "Қазақойл" ҰМК жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша), "Мұнай және Газ тасымалы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша), "Қазтеңізкөлік флоты" ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша)
- 11 Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту:
- жеткізіп беру үшін ұсынылған өнімдердің номенклатурасымен қоса алғанда, ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша ақпараттық
- 2002 жылғы Қазақстан Республикасының І тоқсан Ауыл шаруашылығы министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан

материалдармен алмасу, сондай-ақ  
тараптар ұйымдастыратын ауыл  
шаруашылығы жәрменкелері мен  
көрмелеріне қазақстандық және  
грек фирмалары мен ұйымдарының  
қатысуы;  
- грек тарапына ауыл шаруашылығы  
саласындағы қазақстандық  
инвестициялық жобаларды жолдау

Республикасының Сыртқы  
істер министрлігі,  
Қазақстан Республикасының  
Табиғи монополияларды  
реттеу, бәсекелестікті  
қолдау жөніндегі агенттігі

қорғау және шағын бизнесті

---

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.